

Бородулиха ауданы Новодворовка ауылдық округінің елді мекендерінде шектеу іс - шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы Новодворовка ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 23 сәуірдегі № 3 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 28 сәуірде № 7021 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы Новодворовка ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 8 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы Новодворовка ауылдық округі әкімінің 25.12.2020 № 8 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) .

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес және Бородулиха ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 22 сәуірдегі № 272 ұсынысы негізінде, Новодворовка ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бородулиха ауданы Новодворовка ауылдық округі подхоз Березовка, санаторий Березовка және "Жумагулов" шаруа қожалығы елді мекендеріндегі ірі қара мал арасында созылмалы инфекциялық бруцеллез ауруына қарсы ветеринарлық-санитарлық іс – шараларды жүргізу және ошақты жою үшін шектеу іс – шаралары енгізілсін.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы Новодворовка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Бородулиха ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Бородулиха ауданы әкімдігінің интернет – ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Новодворовка ауылдық
округінің әкімі*

М. Досмагамбетова